

**"Әділет органдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын нормативтік құқықтық актілерді шығаруды, қолдануды, мемлекеттік тіркеу мен жариялауды реттейтін заңнаманы сақтау бойынша тексерулерді жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі N 48 бұйрығына өзгеріс енгізу» және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2006 жылғы 25 қыркүйектегі N 256 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 12 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4420 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2013 жылғы 8 қаңтардағы № 6 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 08.01.2013 № 6 бұйрығымен.**

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Әділет органдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын нормативтік құқықтық актілерді шығаруды, қолдануды, мемлекеттік тіркеу мен жариялауды реттейтін заңнаманы сақтау бойынша тексерулерді жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі N 48 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1813 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2002 жыл, N 19, 608-құжат, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде N 3432 болып тіркелген "Әділет органдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын нормативтік құқықтық актілерді шығаруды, қолдануды, мемлекеттік тіркеу мен жариялауды реттейтін заңнаманы сақтау бойынша тексерулерді жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі N 48 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 8 ақпандағы N 36 , Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3968 болып тіркелген " Әділет органдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын нормативтік құқықтық актілерді шығаруды, қолдануды, мемлекеттік тіркеу мен

жариялауды реттейтін заңнаманы сақтау бойынша тексерулерді жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі N 48 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 8 желтоқсандағы N 325 , Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4178 болып тіркелген " Әділет органдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын нормативтік құқықтық актілерді шығаруды, қолдануды, мемлекеттік тіркеу мен жариялауды реттейтін заңнаманы сақтау бойынша тексерулерді жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі N 48 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" 2006 жылғы 4 сәуірдегі N 105 Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрықтарымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Әділет органдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын нормативтік құқықтық актілерді шығаруды, қолдануды, мемлекеттік тіркеу мен жариялауды реттейтін заңнаманы сақтау бойынша тексерулерді жүргізу жөніндегі Нұсқаулықтың кіріспесіндегі "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кіретін де, кірмейтін де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері мен Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының актілерін мемлекеттік тіркеу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 желтоқсандағы N 1278" деген сөздер "Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2006 жылғы 17 тамыздағы N 778" деген сөздермен ауыстырылсын.

## 2. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің:

1) "Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін дайындау, ресімдеу және келісу жөніндегі нұсқаулықты (заңдық техника) бекіту туралы" 2002 жылғы 25 қыркүйектегі N 142 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1985 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2002 жыл, N 41 - 42, 719 - құжат);

2) "Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілеріне мониторинг жүргізу ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 3 шілдедегі N 133 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2406 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2003 жыл, N 25-26, 864-құжат);

3) "N 1985 болып тіркелген»Орталық және жергілікті мемлекеттік

органдардың нормативтік құқықтық актілерін дайындау, ресімдеу және келісу жөніндегі нұсқаулықты (заңдық техника) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 25 қыркүйектегі N 142 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 12 қазандағы N 291 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3153 болып тіркелген) бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаменті Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне жазба енгізсін, сондай-ақ осы бұйрықтың көшірмесін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына, аумақтық әділет органдарына, орталық және жергілікті мемлекеттік органдарға жіберсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енеді.

*Министр*